

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 2 наурыздағы N 209 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жыл 28 ақпандағы N 0279

"Акцепт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жүктелген міндеттерді орындауына байланысты "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен "Акцепт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 1994 жылғы 23 тамызда қол қойған "Рауан" акционерлік қоғамының акцияларын сатып алу туралы шартқа сәйкес және "Рауан" акционерлік қоғамы акционерлері жиналысының шешімін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Рауан" акционерлік қоғамының (Алматы қаласы) акцияларын жеке жоба бойынша сату туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 2 наурыздағы N 209 қаулысының 2-бабының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі